

**"Аз қамтылған азаматтарға тұрғын үй көмегін көрсету тәртібі туралы ереже"
2005 жылғы 3 наурыздағы N 12/4 шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қалалық мәслихатының 2007 жылғы 29 қарашадағы N 3/5 шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Өскемен қалалық Әділет басқармасында 2007 жылғы 14 желтоқсанда N 5-1-73 тіркелді. Күші жойылды - ШҚО Өскемен қалалық мәслихатының 2010 жылғы 23 шілдедегі N 26/4 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - ШҚО Өскемен қалалық мәслихатының 2010.07.23 N 26/4 шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы"» Қазақстан Республикасы Заңының 6 бабына, "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 97 бабының 2 тармағына сәйкес Өскемен қалалық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Өскемен қалалық мәслихатының "Аз қамтылған азаматтарға тұрғын үй көмегін көрсету тәртібі туралы ереже" 2005 жылғы 3 наурыздағы N 12/4 (тіркеу N 2223, 2005 жылғы 26 наурыздағы "Дидар" газетінің N 30-31, 2005 жылғы 19 наурыздағы "Рудный Алтай" газетінің N 42-43 сандарында, "Аз қамтылған азаматтарға тұрғын үй көмегін көрсету тәртібі туралы Ереже" 2005 жылғы 3 наурыздағы N 12/4 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" тіркеу нөмірі 5-1-63, 2007 жылғы 21 маусымдағы N 34/3 шешіміне енгізілген өзгерістермен 2007 жылғы 26 шілдедегі "Дидар" газетінің N 88-89, 2007 жылғы 28 шілдедегі "Рудный Алтай" газетінің N 113 сандарында жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

аз қамтылған азаматтарға тұрғын үй көмегін көрсету ережесіндегі:

5 тармақтағы 15 саны 10 санымен ауыстырылсын;

18 тармақ жаңа редакцияда жазылсын: "Тұрғын үй жәрдемақыларын алуға үміткер немесе алушы отбасылары оны ресімдеу үшін ұсынады:

1) барлық коммуналдық қызметке және байланыс қызметіне ақы төлеу туралы түбіртектер (өткен тоқсанға);

2) стационарлық емес газ плиталары бар үйлер үшін газ баллондар алғандары туралы анықтамалар (өткен тоқсанға);

3) белгіленген үлгідегі өтініш келесі құжаттармен қоса: отбасы табыстары туралы анықтама және басқа да мәлімделген табыстар (өткен тоқсанға), жеке меншік шаруашылықтары бар екендігі жайлы мәліметтер (

жылына бір рет немесе өзгерістер болғанда), жұмыссыз ретінде тіркелу туралы анықтама, жұмыс істемейтіндер үшін (тоқсан сайын);

жеке басының куәлігінің көшірмелері (жылына бір рет келесі жылдық қайта аттестаттау немесе қандай да болса өзгерістер болған жағдайда, тоқсан сайын), тұрғын үй құқығын куәландыратын құжат (жылына бір рет келесі жылдық қайта аттестаттау немесе қандай да болса өзгерістер болғанда), немесе жал шарты (жалдау), азаматтарды тіркеу кітабы (жылына бір рет келесі жылдық аттестаттау немесе қандай да болса өзгерістер болғанда)";

21 тармақтағы "пайдалану шығындары" сөздері "тұрғын үйді ұстауға" сөздерімен ауыстырылсын;

тармақтың 2 тармақшасындағы 10 саны 12 санымен ауыстырылсын;

44 тармақ алынып тасталсын.

2. Осы шешім 2008 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енеді.

Сессия төрағасы